

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2026-2027 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2026 жылғы 13 тамыздағы № 240 қаулысы

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2026-2027 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулының қосымшасына бекітілсін.

2. "Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Қ. Ақсақалов

Қостанай облысы әкімдігінің

2026 жылғы 13 тамыздағы

№ 240 қаулысына

қосымша

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2026-2027 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Білім беру саласының коды және атауы	Даярлау бағытының коды және атауы	Оқыту нысаны бойынша мемлекеттік	Жоғары оқу орындарында бір білім алушыны оқытуға жұмсалатын шығынның орташа құны (ұлттық жоғары оқу орындарын қоспағанда) (теңге)
---	--------------------------------------	-----------------------------------	----------------------------------	---

№	жөне атауы	кодды жөне атауы	білім беру тапсырысының көлемі (күндізгі)	2026 жыл	2027 жыл
1	6 В 0 1 Педагогикалық ғылымдар	6 В 0 1 5 Жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша мұғалімдер даярлау	4	403 240	604 860
		6В017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау	4	403 240	604 860
2	6В02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	6В021 Өнер	2	422 360	633 540
		6 В 0 2 2 Гуманитарлық ғылымдар	2	422 360	633 540
3	6В10 Денсаулық сақтау	6 В 1 0 1 Денсаулық сақтау	8	724 520	1 086 780
Барлығы			20		
4	7R01 Денсаулық сақтау	7 R 0 1 1 Денсаулық сақтау	60	724 520	1 086 780
Барлығы			80		